«АЛТЫН ҰРПАҚ»
өндірістік білім беру орталығы

Астана қаласы
Кенесары к., 40 үй
БИН: 170840001872
тел: 8(775)093-47-36,
8(777)194-74-21, 8(747)354-29-97

e-mail: a.urpak@mail.ru

Производственно-образовательный центр «АЛТЫН ҰРПАҚ»

город Астана
улица Кенесары, дом 40
БИН: 170840001872
тел: 8(775)093-47-36,
8(777)194-74-21, 8(747)354-29-97

e-mail: a.urpak@mail.ru

«04» қаңтар 2018 жыл

шығ./исх.:
№48

«04» января 2018 года

БЕКІТЕМІН
«АЛТЫН ҰРПАҚ» өндірістік білім беру орталығының директоры
А.А.Медетова

«Абай мұрасы – сарқылмас қазына»
атты Республикалық шығармашылық байқауының
ЕРЕЖЕСІ

1. Байқаудың мақсаттары және міндеттері:

- Абай шығармашылығын сүйіп оқуға, өмірін, қасиеттерін үлгі ете отырып, білім-ғылымға құмарлығын арттыру;
- оқушылар мен студенттерді Ұлы тұлғаның өнегелі де өсиетті, сөз маржандары арқылы Отан сүйгіштікке, имандылыққа, білімді, өнерлі болуға, тілімізді, дінімізді қадірлей білуге тәрбиелеу;
- оқушылар мен студенттердің интеллектуалды шығармашылығының дамуына, рухани байлығының жоғарылауы, жан-жақты азамат болып қалыптасуына үлес қосу;
- оқушылар мен студенттердің шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, тума талант, табиғи дарындарын анықтау.

2. Байқауға қатысушылар:

2.1. Байқау төмендегі қатысушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты өткізіледі:

- **оқушылар арасында:** 1-11 сынып аралығында оқушылар қатысады. Оқушылар жұмысы сыныбына қарай бағаланады;
- **студенттер арасында:** 1-4 курс аралығында студенттер қатысады. Студенттер жұмысы курсына қарай бағаланады;
- **мұғалімдер арасында.**

2.2. Байқауға топтық жұмыстар қабылданбайды.

3. Байқау номинациялары:

- **<u>«Абай Құнанбаев портреті» көркемсурет номинациясы</u>** (қатысушылар А.Құнанбаевтың суретін салады);

Бағалау өлшемі: *байқау тақырыбына сәйкестілігі; суреттің түпнұсқалығы; орындау эстетикасы, көңіл-күйі, мәнері және эмоциясы.*

- **<u>«Абай әлемі» шығармашылық номинациясы</u>** (қатысушылар тақырыпқа сай эссе, шығарма немесе арнау өлеңдерін жазады). Мәтін көлемі – 5 беттен аспауы шарт (Times New Roman, 14 шрифт, жол арасы - 1,5);

Бағалау өлшемі: *байқау тақырыбына сәйкестілік; эссе, шығарманың құрылымы, мазмұны; автордың өзіндік көзқарасы мен қолтанбасы; өзіндік ой түюі, ойын көркемдеп жеткізе білуі.*

- **<u>«Өлең – сөздің патшасы» видеобайқау номинациясы</u>** (қатысушылар Абай Құнанбаевтың туындыларынан бір өлеңді мәнерлеп оқып немесе бір ән орындап, видео материалдарын a.urpak@mail.ru электрондық поштаға жолдайды. Видео ұзақтығы 3 минуттан аспауы қажет. Сонымен қатар видеоны ұялы телефонға түсіру арқылы не болмаса кәсіпқой видеокамераға түсіріп жіберуге болады);

Бағалау өлшемі: *байқау тақырыбына сәйкестілігі; шығарма таңдаудағы ізденісі; орындау және актерлік шеберлігі; дауыс ырғағының тазалығы; сахна мәдениеті.*

- **<u>«Абай мұрасы – қазақтың ең қасиетті қазынасы» мұғалімдерге арналған номинация</u>** (мұғалімдер тақырыпқа сай ашық сабағын, сабақ конспектісін, тәрбие сағатын немесе презентациясын және т.б. материалдарын жолдауға болады).

Бағалау өлшемі: *байқау тақырыбына сәйкестілігі; автордың өзіндік көзқарасы мен қолтаңбасы; жұмыстың орындалу ұқыптылығы; шығармашылығы мен ізденісі; тақырыптың маңыздылығы мен толығымен ашылуы; стилистикалық сауаттылығы.*

4. Байқаудың шарттары:

4.1. Байқау **2018 жылдың 04 қаңтарынан бастап 2018 жылдың 24 ақпанына** дейін өткізіледі.

4.2. Байқаудың қорытындысы байқау аяқталған уақыттан кейін екі апта ішінде қатысушылардың электрондық поштасына жолданатын болады.

4.3. Байқау сырттай, қашықтықтан өткізіледі. Жұмыстар қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде қабылданады.

4.4. Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады. Бір қатысушы бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр номинация үшін бөлек төлемақы төленеді.

4.5. **Байқауға қатысу жарнасы:**

- оқушылар мен студенттер үшін – **1400 (бір мың төрт жүз)** теңге төлемақыны құрайды;
- мұғалімдер үшін – **2 400 (екі мың төрт жүз)** теңге төлемақыны құрайды.

4.6. Қатысушының жұмысы, сұранысы, төленгендігі жөніндегі түбіртек мына электрондық поштаға бір жөнелтіммен жолдануы қажет: a.urpak@mail.ru

Ұйымдастырушының банк реквизиттері:
Есеп шот: «Казкоммерцбанк» АҚ
ЖШС «АЛТЫН ҰРПАҚ» өндірістік білім беру орталығы
БИН: 170840001872
ИИК: KZ669261501197517000
КБЕ: 17, КНП: 861

Анықтама телефондары: 8(775)093-47-36, 8(777)194-74-21, 8(747)354-29-97
Жұмыс уақыты: дүйсенбі-жұма 09:00-18:00. Демалыс: сенбі-жексенбі.

Бірнеше қатысушылар үшін төлемақыны бір түбіртекпен жолдауға болады.
Мысалы: бірнеше оқушы х 1400 теңге = жалпы соммасы.

Төлемақыны кез келген банк және Қазпошта бөлімшелері арқылы қабылданады.
«Qiwi» электрондық төлемдері арқылы төлемақы қабылданбайды.

5. Байқаудың қорытындысын шығару және қатысушыларды марапаттау:
5.1. Әділқазы мүшелері номинациялар бойынша және қатысушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты байқаудың жеңімпаздарын анықтайды.
5.2. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен марапатталынады.
5.3. Орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар жолданады.
5.4. Жеңімпаздардың дипломдарында жетекшілердің аты-жөндері көрсетіледі.
5.5. Бес және одан жоғары қатысушыларды қатыстырған жетекшілерге алғыс хат беріледі.
5.6. Бір мекемеден он немесе одан жоғары қатысушылар қатыстырылған жағдайда, мекеме басшысына алғыс хат жолданады.
5.7. Барлық қатысушыларға Республикалық дәрежедегі сертификаттар, дипломдар, алғыс хаттар электрондық түрде сұраныста көрсетілген электрондық поштасына жолданады.
5.8. Әділқазылар шешімі өзгерілмейді және қайта қарауға жатпайды. Әділқазылар шешімі хаттамамен бекітіледі. Хаттамаға сәйкес марапаттамалар жолданады.

ҮЛГІ

«Абай мұрасы – сарқылмас қазына» атты
Республикалық шығармашылық байқауына қатысуға
СҰРАНЫС

Қатысушының аты-жөні	Жасы, сыныбы/ курсы	Облыс, қала, аудан, ауыл, білім беру ұйымының атауы	Номинация	Жұмыс атауы	Жетекшісінің аты-жөні (толық), мамандығы, жұмыс өтілі	Ұялы телефоны, жеке және мектептің эл.поштасы
Айдаров Айбек	11 жас, 5 сынып	Астана қаласы, №99 мектеп-гимназиясы	«Абай Құнанбаев портреті»	Портрет	Каримова Инкарим Каримовна, әдебиет пәні мұғалімі, 2 жыл	Мектептің эл.поштасы: mektep@mail.ru Жеке эл.поштасы: inkarim@mail.ru Ұялы телефоны: 8-771-999-99-99